

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестаттау және есепке алу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 28 қыркүйектегі N 631 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 26 қазандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6596 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 17-02/482 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.09.28 № 17-02/482 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 78-бабын іске асыру мақсатында,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестаттау және есепке алу ережесі бекітілсін.

2. «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестаттау және есепке алу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 25 қаңтардағы № 31 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4565 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2007 жылғы 11 наурызда жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті (Ж.Ы. Омаров) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық бірінші рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

А у ы л

ш а р у а ш ы л ы ғы

м и н и с т р і н і ң

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесі

1. Негізгі ережелер

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесі (бұдан әрі - Ереже) орман тұқым шаруашылығында пайдалану үшін орман өсімдіктерін кепілді түрде сақтау, олардың мұрагерлік қасиеттерін бағалау және неғұрлым перспективалы өкілдерін іріктеп алу жөніндегі іс-шараларды регламенттеу мақсатында Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 78-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттары - артықшылығы бар ағаштардың генетикалық қорын сақтау және мұрагерлік қасиеттерін зерттеу мақсатында олардың вегетативтік ұрпағын пайдаланып алынатын екпелер;

2) географиялық дақылдар - жаңа жағдайларда сынау мақсатында бірнеше экотиптердің (климатиптердің) неғұрлым тән таралымдарының тұқымдық ұрпағы арнайы әдістемелер бойынша алатын тәжірибелік дақылдар;

3) плантацияларды оқшаулау - орман тұқымы плантацияларының қажетсіз тозаңмен, ең алдымен табиғи екпелердің тозаңымен (фондық тозаң) тозаңдану процесіне жол бермейтін жағдайлар;

4) климатип - белгілі бір климаттық жағдайлардың әсерімен қалыптасқан экотип;

5) клон - вегетативтік көбейту жолымен бір бастапқы дарақтан немесе апомиктикалық құрылымнан алынған және генотипі бірдей барлық ұрпақтардың жиынтығы (рамет);

6) клондық микрокөбею - өсімдіктердің тканьдар дақылында вегетативтік көбею әдісі;

7) клеткалар, тканьдар дақылы - клеткалар мен тканьдардың ағзадан тыс жерде - жасанды жолмен жасалған ортада өмір сүру нысаны;

8) орман тұқымы плантациялары (бұдан әрі - ОТП) - селекцияның әртүрлі әдістерін қолдану негізінде жасанды жолмен өсірілетін мұрагерлік қасиеттері құнды тұқымдар алуға арналған екпелер;

9) тегі вегетативтік орман тұқымы плантациялары - тегі вегетативтік

материалды пайдаланып өсірілетін ОТП;

10) екінші ұрпақ (кезек) ОТП-сы - комбинациялық қабілеттілікке тексерілген бастапқы материалды пайдалану негізінде құрылатын ОТП;

11) клондық ОТП - артықшылығы бар немесе элиталық ағаштардың вегетативтік ұрпағын (клондарын) пайдаланып құрылатын ОТП;

12) клонды ОТП - артықшылығы бар немесе элиталық ағаштардың вегетативтік ұрпағын (клондарын) пайдаланып құрылатын ОТП;

13) тұқымнан өсіп-өнген ОТП - отырғызу кезінде аналықтардың бақыланатын тозаңдануынан (сибстар) немесе емін-еркін тозаңданудан (жартылай сибстар) алынған тұқымдар пайдаланылатын плантациялар;

14) тұрақты орман тұқымы учаскелері (бұдан әрі - ТОТУ) - ұзақ уақыт кезеңінде қалыпты және жақсартылған тұқымдар алу үшін арнайы қалыптастырылған аналық екпелер. ТОТУ шығу тегі табиғи (жасандыдан сирек) шығымдылығы жоғары аса сапалы екпелерде отырғызылады;

15) селекциялық жағынан жақсартылған материал (бұдан әрі - СЖМ) - тегі мен мұрагерлігі беймәлім жақсартылған шаруашылық құнды ерекшеліктермен өзгешеленетін өсімдіктер жиынтығы;

16) интродуценттер – олар бұдан бұрын өсіп-өнбеген орман өсіру ауданында өсірілген өсімдіктер.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық маңызы бар объектілерді анықтау мен құруды орман селекциясы мен тұқым шаруашылығы саласындағы маманданған ұйымдар жүзеге асырады.

4. Селекциялық-генетикалық маңызы бар объектілерді бөліп алу мен құруға арналған өлшемдер ағаш өсу аймағына, ағаш өсу жағдайларының тұрпатына, орман өсімдіктерінің жекелеген түрлерінің биологиялық ерекшеліктеріне, олардың жасына және жай-күйіне байланысты.

5. Селекциялық-генетикалық маңызы бар объектілерді пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы № 1317 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Артықшылығы бар ағаштар

6. Артықшылығы бар ағаштарды артықшылығы бар және қалыпты екпелерден бөліп алады.

7. Артықшылығы бар ағаштарды іріктеп алатын нышандар селекцияның түпкі мақсаттарымен айқындалады.

Ормандардың шығымдылығы мен сапасын орман өсімдіктері жағдайларының негізгі түрлерінде, ең алдымен артықшылығы бар екпелерде артықшылығы бар

ағаштар санатына көтеру селекциясы кезінде:
діңінің түзулігімен;
сүректіңінің толымдылығымен;
діңдерінің бұтақтардан жақсылап тазартылуымен;
қисық бұталардың болмауымен;
жайсыз орта факторларына, зиянкестер мен ауруларға төзімділігімен
ерекшеленетін ағаштарды таңдап алады.

8. Құрамы жағынан таза бір жастағы аса толымды екпелерде артықшылығы бар ағаштар сүректіңінің орташа көрсеткіштері (тиісті фенологиялық нысан үшін) биіктігі бойынша 10 % және одан да көп, диаметрі бойынша 30 % және одан да көп мөлшерде болып келеді.

9. Біртіндеп және ішінара кесу жүргізілген екпелерде сүректіңінің орташа көрсеткіштерінен биіктігі жөнінен кемінде 8 %, диаметрі бойынша 20 % асып түсетін, бірақ жоғарыда аталған барлық талаптарға сай келетін артықшылығы бар ағаштарды бөліп алуға жол беріледі.

10. Ағаштарының жасы бір сыныптан көп мөлшерге өзгешеленетін жасы әртүрлі ағаштарда артықшылығы бар ағаштарды таңдап алу әрбір жас тобы (ұрпақ) шегінде жеке-жеке жүргізіледі.

3. Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаты

11. Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағатын олардың гендік қорын сақтау және мұрагерлік қасиеттерін зерттеу мақсатында артықшылығы бар ағаштардың вегетативтік ұрпағын пайдалану жолымен құрады.

12. Селекция мақсаттарын басшылыққа ала отырып, артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарын құру кезінде бір немесе бірнеше селекцияланатын белгілері бойынша іріктеп алынған артықшылығы бар ағаштардың ұрпақтарын топтастырады.

13. Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарында осы орман тұқымы ауданының бір немесе бірнеше таралымдарының артықшылығы бар ағаштарының ұрпақтарын шоғырландырады. Көршілес орман тұқымы аудандарының (қолданылып жүрген орман тұқымын аудандастыруға сәйкес), ал интродуценттер үшін - көршілес орман өсімдіктері немесе флоралық аудандардың артықшылығы бар ағаштарының ұрпақтары клондарының мұрағаттарын құруға жол беріледі.

Егер бұл жеміс беруді күшейтуге және тұқымдардың пісуін жақсартуға жәрдемдесетін болса, жекелеген жағдайларда клондарды неғұрлым шалғай қашықтықтарда, яғни табиғи таралу аймағынан тысқары жерлерде мұрағаттар құру үшін клондардың орнын ауыстырған жөн. Мұндай мұрағаттардың

тұқымдарын бастапқы артықшылығы бар ағаштар шыққан аудан үшін орман тұқымын аудандастыруда көзделген тәртіппен пайдаланады.

Тау жағдайларында артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарын биіктік белдеулері немесе таралымдар бойынша отырғызады. Клондар мұрағаттарын артықшылығы бар ағаштар өсетін жерлермен салыстырғанда аласалау жерлерде, бірақ клондардың (тұқымдастардың) географиялық, биіктік және орман типологиялық орын ауыстыру шектерінде отырғызуға болады.

14. Артықшылығы бар ағаштар клондарының (тұқымдастарының) мұрағаттары табиғи таралымдардың генетикалық типтік сан алуандығын тұқымдық ұрпақта сақтауды, түр ішіндегі будандастыруды барынша азайтуды және селекцияланатын белгілерді барынша кеңінен танытуды қамтамасыз етеді. Бұл үшін артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарында кемінде 20-25 артықшылығы бар ағаштардың ұрпағы болады. Клондар мұрағаттарын бірнеше вегетациялық кезеңдер бойы блоктармен (танаптармен) құру кезінде артықшылығы бар ағаштар ұрпақтарының көрсетілген мөлшері үштен аспайтын блокта (танапта) көрініс табуға тиіс.

Тән комбинациялық қабілетке ие артықшылығы бар ағаштардан клондар мұрағаттарын құру кезінде, сондай-ақ арнайы шаруашылық мақсаттағы екпелер өсіру үшін клондар санын іріктеп алынған артықшылығы бар ағаштардың мөлшерімен шектелген шекке дейін қысқартуға жол беріледі.

15. Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарында артықшылығы бар ағаштар ұрпағын өздігінен тозаңдануды шектеу мақсатында бір клон (тұқымдас) өсімдіктерінің кеңістікте оқшаулануын қамтамасыз ететін жүйелі түрде (үнемі) қайталанып отыру немесе рендомизирленген (кездейсоқ) орын ауыстыру принциптеріне негізделген ерекше схемалар бойынша орналастырады.

Бірінші жағдайда осы артықшылығы бар ағаштың ұрпағын білдіретін өсімдіктерді бір бірінен кемінде 30 м қашықтықта немесе басқа клондардың (тұқымдастардың) барлық бағыттағы 3 өсімдігінен кейін орналастырады. Отырғызу (себу) аяқталғаннан кейін клон мұрағатының әрбір блогына (танабына) клондардың нақты орналасу схемасын жасайды.

16. Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарын құру үшін орман өсімдіктерінің жағдайлары бойынша шығымдылығы бонитеттің 1-2 сыныптарынан төмен болмайтын, жақсы тамыр жайған, машиналар мен механизмдерді пайдалануға оңай және кірме жолдары бар айтарлықтай тегіс рельефті, аяз болмайтын және аңызак желден қорғалған жерлерде (орманды-далалы аймақта) орналасқан орман өсімдіктерінің нақты түрлерін өсірудің орман шаруашылығы-биологиялық талаптарға сәйкес келетін орман қоры учаскелері таңдап алынады.

Осы учаскелерде топографиялық-геодезиялық жұмыстар кешені, топыраққа

орман патологиялық, топырақтық зерттеу мен агрохимиялық талдау жүргізіледі.

17. Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарын құру кезінде мыналарды ескерді:

1) екі және одан да көп вегетациялық кезеңде артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарын құру кезінде оның көлемі бөлініп, танаптар (блоктар) бойынша игеріледі;

2) қажетсіз тозаңның келуін шектеу үшін клон мұрағатын құруға арналған учаскені басқа түрлер екпелерінің арасына орналастырады, әйтпесе оның периметрі бойынша қауіпті зиянкестер мен саңырауқұлақ ауруларының аралық иелері болып табылмайтын басқа түрлердің шапшаң өсетін жиі дінді ағаштарының 5-10 қатарынан тұратын сүзгіш қорғаныштық жолақтар құру қажет.

18. Алаңды әзірлеу және топырақты өңдеу тәсілін таңдау орман өсімдіктері жағдайларының кешенімен айқындалады. Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттарын тұтас өңделген алаңда отырғызады. Топырақты тұтас өңдеу белгілі бір себептермен мүмкін немесе қажет болмайтын учаскелерде оны өңдеуді жолақтармен немесе алаңшалармен жүргізеді.

19. Клондар мұрағаттарын құрудың негізгі тәсілі тамыр жүйесі жабық жерсіндірілген қалемшелерді отырғызу болып табылады. Қалемшелер мемлекеттік стандарттардың, техникалық шарттардың немесе аймақтық ұсыныстардың талаптарына сәйкес келуге тиіс. Арнайы өсірілген қосалқы дақылдарда шыбықшалар немесе тұқымдар (сексеуіл, талдар) егу арқылы клондар мұрағаттарын отырғызуға болады.

Кейбір оңай тамыр жаятын түрлердің артықшылығы бар ағаштары клондарының мұрағаттарын тамыр жайған шыбық қалемшелерді де, тамыр жаймаған шыбықтарды да отырғызып құруға болады.

20. Қосалқы дақылдарды екпелер (қалемшелер) отырғызу немесе тұқымдар (ірі жемісті түрлер, сексеуіл) отырғызу арқылы құрады. Қосалқы дақылдар өсіру үшін орман тұқымы ауданы шегіндегі артықшылығы бар ағаштардан дайындалған өскін сияқты сол түрдің және фенологиялық нысанның жақсартылған тұқымдарын пайдаланады.

21. Клондар мұрағаттарын құру орындарында аналық плантацияларды отырғызады. Аналық плантацияларды құруды клондар мұрағаттарының алғашқы танаптарын (блоктарын) отырғызумен бір мезгілде немесе ол басталмас бұрын бастайды.

Аналық плантацияның көлемін және оны пайдалану мерзімін қалемшелер жөніндегі қажеттілікті және артықшылығы бар ағаштардың керек мөлшерін басшылыққа ала отырып айқындайды. Аналық-қалемше плантациясында клондардың араласып кетуі қалемшелерді тұқымдастары бойынша дайындауды

қиындататынын ескере отырып, клондарды орналастыруды жекелеген қатарларда немесе тұқымдастар блоктарында шоғырландыру керек. Отырғызу аяқталғаннан кейін әрбір аналық плантацияға клондардың нақты орналасу схемасын жасайды. Оларда қалемшелер дайындауды ағаштардың 4-5 жас мөлшерінде бастайды.

22. Клондар мұрағаттарын отырғызу кезінде қатарлардағы және қатараралықтардағы өсімдіктер арасындағы, алаңдар орталықтары арасындағы қашықтық аналық репродуктивті қабаттың барынша жақсы дамуын, топырақ пен ағаштарға күтім жасау, бүрлер (жемістер, тұқымдар) дайындау кезінде машиналар мен механизмдердің емін-еркін жүріп тұруын қамтамасыз етуге тиіс. Орман өсімдіктері жағдайларына, орман өсімдіктерінің биологиялық ерекшеліктеріне және таңдап алынған отырғызу тәсіліне байланысты қатарлардағы отырғызу орындары арасындағы қашықтық 3-8 м, қатараралықтарда – 3-10 м болады. Клондар мұрағатының бір учаскесінің телімінде бір артықшылығы бар ағаштың 48, екі телімінде - 96 жерсіндірілген қалемшесі отырғызылады.

23. Клондар мұрағаттары үшін неғұрлым бағалы элиталық ағаштарды таңдап алуды клондардың селекцияланатын белгілері бойынша комбинациялық қабілеті мен репродуктивті қабілетін қамтитын тұқымдық және вегетативтік ұрпақтарын кешенді бағалау нәтижелері бойынша жүргізеді.

24. Мұрағаттар құру кезінде мұрағатты өсімдіктердің жаңа даналарымен жүйелі түрде толықтырып отыру мақсатында резервтік алаң көзделеді.

25. Клондар мұрағаттарын сондай-ақ жалпы комбинациялық қабілеті және өзіндік комбинациялық қабілеті бойынша артықшылығы бар ағаштардың мұрагерлік қасиеттерін бағалау мақсатында бақылау жасалатын будандастыру жүргізу үшін тәжірибелік объектілер ретінде де пайдаланады. Сонымен бірге клондарды діңінің пішіні, вегетацияның басталу және аяқталу мерзімдері, гүлдену және жеміс беру (тұқым беру) ерекшеліктері, тұқымдарының шығымдылығы мен сапасы, сондай-ақ жайсыз ауа райы жағдайларына, зиянкестер мен ауруларға төзімділігі бойынша бағалайды.

26. Қажет болған жағдайда клондар мұрағаттары орман тұқымы ОТП құру немесе толықтыру мақсатында қалемшелердің шағын партияларын дайындау үшін пайдаланылады.

4. Географиялық дақылдар

27. Географиялық дақылдар - оларды өзге орман өсімдіктері жағдайларында сынау мақсатында құрылатын шығу тегі тұқымдық немесе вегетативтік тәжірибелік ағаштар отырғызылған орындар.

28. Географиялық дақылдар отырғызу кезінде тәжіребені үш мәрте қайталау көзделеді, ал әрбір климатип телімінің мөлшері кемінде 100 ағашты толысу жасына өсіруді қамтамасыз етуге тиіс.

29. Географиялық дақылдар отырғызу кезінде тұқымдар дайындау пункттері бүкіл табиғи таралу аймағы немесе оның бір бөлігі шегінде орман өсімдіктерінің осы түрінің орман шаруашылығы және биологиялық қасиеттерінің құбылмалылығын, ал дақылдар отырғызу пункттері - ол болжамды өсірілетін аудандардағы орман өсімдіктері жағдайларының құбылмалылығын көрсетеді. Географиялық дақылдар алу үшін тұқымдар әрбір климатиптің неғұрлым кеңінен тараған орман түрінің піскен және пісіп қалған екпелерінде дайындалады. Бақылау ретінде жергілікті климатиптің тұқымдары пайдаланылады.

30. Климатиптерді (эдафотиптерді) бастапқы генетикалық бағалауды олар II сыныпты жасқа жеткенде, ал түпкілікті бағалауды - пісу жасына жеткенде географиялық (таралымдық-экологиялық) дақылдарды зерттеу нәтижелерін талдау негізінде жүргізеді.

31. Географиялық (таралымдық-экологиялық) дақылдарды зерттеуді олардың аман сақталу көрсеткіштері, биіктеп өсу шапшаңдығы бойынша және діңінің диаметрі, көлемі және сапасы, сүрек қоры, ортаның жайсыз факторларына, саңырауқұлақ, бактериялық және басқа ауруларға төзімділігі, сондай-ақ орман зиянкестерінің бүлдіруі бойынша жүргізеді.

5. Таралымдар мен будандардың сынақ дақылдары

32. Артықшылығы бар екпелерді, клондарды, бірінші реттегі тұқымдас ОТП-ны және ТОТУ-ды ұрпағы бойынша генетикалық бағалау үшін сынақ дақылдарын артықшылығы бар ағаштар іріктеп алынатын белгілері бойынша таңдап алады. Сынақ дақылдарын алу кезінде әрбір телімде кемінде 300 екпе б о л у ғ а т и і с .

33. Вегетативтік ОТП-да бар клондардан еркін тозаңданудан тұқымдар бөлек дайындалуы мүмкін. ОТП-ыны генетикалық бағалауды онда бар артықшылығы бар ағаштарға генетикалық баға берумен бір мезгілде жүргізеді. ОТП-ының генетикалық құндылығы жекелеген клондардың ОТП-да үлестік қатысуын ескере отырып, олардың ұрпақтарының селекцияланатын белгісі бойынша бақылаудан асып түсуінің орташа алынған көлемі ретінде айқындалады.

34. Тұрақты орман тұқымы базасы объектілерін ұрпағы бойынша генетикалық бағалау үшін үш генерациядан алынған орман дақылдары, осы объектілерде дайындалған тұқымдардан өсірілген өндірістік орман дақылдары п а й д а л а н ы л а д ы .

35. ОТП-ыны генетикалық бағалау мақсатында сынақ дақылдарын алу үшін

тұқымдар қоспаларын дайындау кезінде әрбір клоннан (тұқымдастан) тұқымдар үлесі олардың ОТП-дағы мөлшеріне тепе-тең болуға тиіс.

36. Артықшылығы бар екпені, ТОТУ-ды генетикалық бағалау мақсатында сынақ дақылдарын алу үшін тұқымдар қоспасын дайындау оларда кездейсоқ таңдап алынған кемінде 50 ағашта жүргізіледі.

37. Артықшылығы бар екпелердің сынақ дақылдарын, ТОТУ мен ОТП отырғызу кезінде бір өнімнің тұқымдары пайдаланылады.

38. Сынақ дақылдарында бақылау ретінде артықшылығы бар екпелерді, ТОТУ мен ОТП-ыны ұрпағы бойынша бағалау үшін сол эдафотиптің, сол фенологиялық нысанның жергілікті таралымының тұқымының қоспасынан өсірілген отырғызу материалын пайдаланады.

39. Артықшылығы бар екпелерді, ТОТУ мен ОТП-ыны алдын ала генетикалық бағалауды олардың тұқымдық ұрпақтары 2 сыныпты жасқа жеткен кезде жүзеге асырады. Түпкілікті баға беру нақты орман өсу аймағында өсімдіктің осы түрі үшін қабылданған пісіп-жетілу жасына жеткен кезде жүргізілуі мүмкін.

6. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестациялау

40. Бөліп алынған және құрылған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер аттестациялануға жатады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестациялауды орман тұқымдарының сапасын анықтау саласындағы маманданған ұйым жүзеге асырады.

Орман тұқымдарының сапасын анықтау саласындағы маманданған ұйымның бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен аттестациялау комиссиялары (бұдан әрі - Комиссиялар) құрылады, оларға уәкілетті органның аумақтық органдарының, облыстық атқарушы органдардың, орман иеленушілердің өкілдері енеді.

41. Орман селекциясы мен тұқым шаруашылығы саласындағы маманданған ұйым аттестациялауды өткізу басталғанға дейін 10 күнтізбелік күн ішінде оның өткізілу күні және аттестациялануға жататын селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің орналасуы жайында Комиссия мүшелерін жазбаша х а б а р д а р е т е д і .

Қызметкерлері Комиссияларға енгізілген ұйымдардың басшылары олардың Комиссия жұмысына қатысуын қамтамасыз етеді.

42. Комиссиялар орман селекциясы мен тұқым шаруашылығы саласындағы маманданған ұйым өкілдерінің және мемлекеттік орман иеленуші өкілдерінің қатысуымен селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің нысаналы

мақсатына сәйкес келуін қаз-қалпында анықтайды.

43. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестациялау осы Ережеге 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша объектілерді алдын ала іріктеп алу материалдары болған жағдайда олардың селекциялық нышандарын анықтауға қолайлы кезде жүзеге асырылады.

44. Комиссияның оң қорытындысы болған жағдайда осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік орман қоры аумағындағы селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді тексеру және қабылдау-тапсыру нәтижелерінің актісіне Комиссия қол қойған күннен бастап үш күнтізбелік күн ішінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер аттестацияланған болып есептеледі.

Бөліп алынған және құрылған селекциялық-генетикалық объектілер олардың нысаналы мақсатына сәйкес келмеген жағдайда Комиссия теріс қорытынды береді және объектілер аттестацияланбайды.

Объектілерді қаз қалпында тексеру нәтижелері бойынша Комиссияның қорытындысы осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік орман қоры аумағындағы селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді тексеру және қабылдау-тапсыру нәтижелерінің актісінде көрсетіледі, ол әрі аттестацияланған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді мемлекеттік орман иеленушіге қабылдау-тапсыру құжаты болып табылады.

45. Аттестацияланған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерге осы Ережеге 4, 5, 6, 7 қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Паспорттар т о л т ы р ы л а д ы .

Паспортқа орамдық желіге немесе басқа тұрақты бағдарларға байланыстырылған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің орналасуының сызба жоспары қоса тіркеледі.

46. Аттестацияланған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерге паспорттар алты данада: біріншісі - мемлекеттік орман иеленуші үшін; екіншісі - мемлекеттік орман иеленуші қарауында болатын мемлекеттік орган үшін; үшіншісі - аумақтық орган үшін, төртіншісі – орман тұқымдарының сапасын анықтау саласындағы маманданған ұйым үшін, бесіншісі - уәкілетті орган үшін және алтыншысы – орман селекциясы мен тұқым шаруашылығы саласындағы маманданған ұйым үшін толтырылады.

47. Аттестацияланған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер мемлекеттік республикалық меншікке жатқызылады, пайдалану режимі шектеулі жекелеген аймақтар түрінде аумақтарға бөлінеді және өсімдіктерге зиян келтірмейтін әдістермен (тәсілдермен) жергілікті жердегі шекарасы белгіленеді.

48. Артықшылығы бар ағаштар 1,3 м биіктікте ағаш діңіне ақ майлы бояумен ені кемінде 10 см жолақ тартылып, қос нөмірі (ақ түстің үстінен қара бояумен):

алымында - тізілім бойынша ағаштың нөмірі, бөлімінде - ағаштың орман иеленушісі бойынша нөмірі жазылып белгіленеді.

49. Бір аумақта орналастырылған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер (клондар мұрағаттары, географиялық дақылдар, сынақ дақылдары, генетикалық резерваттар) орман шаруашылығы белгілерімен белгіленіп, оларға учаскенің орналасқан жерін, отырғызылған жылын және алқабын көрсететін ж а з б а л а р ж а з ы л а д ы .

50. Арнаулы белгілерге осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді жергілікті жерге бөлетін орман шаруашылығы таңбалары басылады.

51. Орман орналастыру материалдарында аттестацияланған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер жоспарлы материалдарға объектілерді белгіленген масштабта көрсетуге болатын кез келген алқапта бөліп көрсетіледі .

Өзге жағдайларда олар таксациялық сипаттамаға белгі қойып, арнайы таңбалармен белгіленеді .

52. Аттестацияланған артықшылығы бар ағаштар, осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес тізілімдерге енгізіледі.

53. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестациялау материалдары тұрақты сақталатын материалдар болып табылады.

54. Орман тұқымдарының сапасын анықтау саласындағы маманданған ұйым орман орналастыру жұмыстарын жүргізу кезінде пайдалану үшін орман орналастыру ұйымына аттестацияланған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер туралы мәліметтер береді.

7. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді есепке алу

55. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді есепке алуды осы Ережеге 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша орман тұқымдарының сапасын анықтау саласындағы маманданған ұйым жүзеге а с ы р а д ы .

56. Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің есебін жүргізу, олардың жай-күйіне және нысаналы пайдаланылу дәрежесіне талдау жасау үшін орман тұқымдарының сапасын анықтау саласындағы маманданған ұйым орман иеленушілердің қатысуымен уәкілетті органның аумақтық органдарының, облыстық атқарушы органдардың өкілдерімен бірлесіп жыл сайын тексеру жү р г і з е д і .

57. Барлық аттестацияланған объектілер вегетациялық кезеңде қаз қалпында қарап көру жолымен тексерілуге тиіс.

58. Тексеру кезінде осының алдындағы есеп материалдары: объектілер паспорттары, тізілімдер, жиынтық ведомостар, таксациялық сипаттамалар, орман дақылдарын өсіру, түгелдеу және орман алқабына ауыстыру журналдары, объектілер абристері, планшеттер пайдаланылады. Қажет болған жағдайда орман орналастырудың жоспарлы материалдарынан осы объектілер орналастырылған сызбалық көшірмелер алынады.

59. Аумақтарда орналасқан селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер үшін тексеру көлемі олардың алқабына байланысты болады:
5 гектар (бұдан әрі – га) дейін - бүкіл алқап тексеріледі;
6-50 га дейін - олардың жалпы алқабының 20 % тексеріледі;
51-100 га дейін - олардың жалпы алқабының 15 %;
101 га және одан астам болса - алқаптың 5 % тексеріледі.

Егер объект алқабында орман өрті болса, оның бүкіл алқабы тексерілуге тиіс.

60. Әрбір селекциялық-генетикалық мақсаттағы объект бойынша оның қаз-қалпында ресімделуі (шекаралық белгілердің және оларда жазбалардың болуы), оның жай-күйі (ағаштарды зиянкестердің бүлдіру және ауруға шалдығу, механикалық және басқа да зақымдар нышандарының болуы, ұшарбаста кеуіп бара жатқан бұтақтардың сипаты және болуы, екінші қабаттың өсуі, ағаш астында өсімдіктердің өсуі), нысаналы пайдаланылуы (бүрлер, жемістер, тұқымдар, қалемшелер дайындау), сондай-ақ паспорттағы, жиынтық ведомостағы немесе тізілімдегі жазбалардың нақты деректерге сәйкестігі айқындалады.

61. Тексеру нәтижелері бойынша осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік орман қорының аумағындағы селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді тексеру және қабылдау-тапсыру нәтижелерінің актісі жасалады, оған қатысушы тараптар қол қояды.

62. Орман тұқымдарының сапасын анықтау саласындағы маманданған ұйым материалдарды қорытып, селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің бар-жоғы және олардың жай-күйі жайында осы Ережеге 11 және 12-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органды және уәкілетті органның облыстық аумақтық органдарын жыл сайын хабардар етіп отырады, оларды одан әрі пайдалану, қорғауды жақсарту, қаз-қалпында ресімдеу, қайта жаңарту (қалпына келтіру), басқа санатқа ауыстыру немесе есептен шығару жөнінде уәкілетті органға ұсыныс енгізеді.

63. Уәкілетті орган селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді тексеру материалдарын қарайды және бекітеді, олардың жай-күйін және пайдалануды одан әрі жақсарту немесе есептен шығару жөніндегі шаралар туралы шешім қабылдайды.

64. Уәкілетті органның шешімі негізінде орман тұқымдарының сапасын

анықтау саласындағы маманданған ұйым селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің тізілімдеріне, жиынтық ведомостарына және паспорттарына өзгерістер енгізеді, сондай-ақ оларды орман орналастыру ұйымына жеткізеді.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесіне 1-қосымша
Нысан

Артықшылығы бар ағашты алдын ала іріктеу карточкасы

№ _____

1. Облысы _____
2. Әкімшілік ауданы _____
3. Орман иеленуші _____
4. Орманшылық _____
5. Орам № _____
6. Телім № _____

Артықшылығы бар ағаштың орамда және телімде орналасуы туралы мәлімет (орналасу схемасы, географиялық координаттары)

Ағаш табылған телімдегі екпелердің

қысқаша сипаттамасы

7. Құрамы _____
8. Бонитет класы _____
9. Орман типі (орман өсу жағдайлары) _____
10. Орташа жасы _____ жыл
11. Орташа толымдылығы _____
12. Басты тұқым бойынша орташа биіктік _____ м
13. Басты тұқым бойынша орташа диаметр _____ м
14. Бөктердің тіктігі, экспозициясы _____
15. Теңіз деңгейінен биіктігі _____ м
16. Санитарлық және орман патологиялық жағдайы _____

Іріктелген ағаштың негізгі таксациялық көрсеткіштері

17. Ағаш жасы _____ ЖЫЛ
18. Ағаш діңінің диаметрі (ұшар басы) _____ см
19. Диаметрдің орташасынан асу % _____
20. Биіктігі _____ м
21. Биіктіктің орташа биіктен % _____

22. Нысаналы мақсаты бойынша іріктеп алынатын ағашты сипаттайтын көрсеткіштер (шайыр шығымдылығы, тұқым шашуының молдығы, тұқым сапасы, сүрек құрылымы және басқалар) _____

Карточканы толтырған (лауазымы, тегі, қолы) _____

20__ жылғы «__» _____

Ескерту: Телім екпесінің сипаттамасы орман орналастыру материалдарынан алынады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
селекциялық-генетикалық мақсаттағы
объектілерді анықтау, құру, аттестациялау
және есепке алу ережесіне 2-қосымша

Нысан

Артықшылығы бар ағаштардың сынақ дақылдарын (географиялық, экологиялық дақылдарды) есепке алу карточкасы

№ _____

(керегі сызылады)

Тұқым _____

1. Облысы _____

2. Орман иеленушісі _____ орманшылық _____

орам _____ телім _____

3. Участке алқабы, га _____

4. Өсу орнының жағдайлар типі _____

5. Отырғызу жылы _____

6. Сыналатын тұқымдастар мен клондар саны (экотиптер, сорттар) _____

7. Ағаштардың орналасуы (арақашықтығы, м) _____

8. Қайталану саны _____

9. Өсімдіктер мен ұрпағының саны (дан-дейін), дана _____

10. Бақылаудың бар-жоғы және оның сипаты _____

11. Дақылдардың жай-күйі _____

12. Объектінің отырғызу мақсатына жарамдылығы туралы және одан әрі пайдалануы туралы комиссияның қорытындысы _____

13. Таралым-сорттарына, будан-сорттарына, клон-сорттарына үміткерлер бөліп алу жөніндегі ұсыныстар (тұқымдастар, клондар, экотиптер сорттарының атаулары мен нөмірлері) _____

14. Объектіні күтіп ұстау және жай-күйін жақсарту жөнінде ұсынылатын іс-шаралар _____

Артықшылығы бар ағаштардың сынақ дақылдары учаскесіндегі (географиялық, экологиялық дақылдар және сорт сынау учаскесінде) ағаштарды қайта есептеу ведомосы (керегі сызылады)

Артықшылығы бар ағаштың № __ (мем. тізілім бойынша) сорттың атауы, шығу тегі	Қайталану	Ағаштар саны, дана	Сақталуы, %	Ағаштар жай-күйі
	1			
	Тұқымдастығы, сорты, шығу тегі бойынша жиыны:			
	Учаске бойынша барлығы:			
Бақылау	1.			
	Бақылау бойынша жиыны:			

Карточканы толтырған (лауазымы, тегі, қолы) _____

20__ жылғы «__» _____

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесіне 3-қосымша
Нысан

_____ облысының мемлекеттік орман қоры аумағындағы селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді тексеру және қабылдау-беру нәтижелерінің актісі

_____ бұйрығын орындау үшін
(уәкілетті органның атауы)

_____ құрамындағы комиссия (комиссия мүшелерінің тегі, аты-жөні, лауазымы) орман иеленуші (орман пайдаланушы) өкілінің қатысуымен аттестациялау (есептен шығару, түгендеу және басқа) мақсатымен селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді тексерді. Тексеру нәтижесінде мыналар анықталды: _____

Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің нысаналы мақсаттарын ескере отырып, олар аттестациядан өткізілетін (нормативтік-әдістемелік құжаттардың, ССТ-лардың, жобалардың және басқалардың талаптары) бойынша себептер баяндалады, жарамсыз деп табылады, есептен шығарылады және басқа да себептер көрсетіледі. Бұл орайда әрбір селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектінің көлемі немесе олардың саны (ағаштар үшін), түрлік атауы, орманшылығы, орамы, телімі аталады.

Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектінің жай-күйін жақсарту немесе оны қайта жаңарту мақсатында белгілі бір орман шаруашылығы және өзге де іс-шараларды жүргізу қажет болған жағдайда олардың тізбесін келтіреді.

Комиссия тізбеге сәйкес бөлінген, құрылған, қалыптасқан селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді аттестациялауға және оларды нысаналы мақсаты бойынша қорғау және пайдалану үшін орман иеленушіге (орман пайдаланушыға) беруге болады деп есептейді.

Аттестацияланбаған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілер қабылдауға - беруге жатпайды.

Аттестацияланған және орман иеленушіге (орман пайдаланушыға) берілетін селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің тізбесі

- _____
- _____

Комиссия мүшелерінің қолы: _____ (тегі, аты-жөні, қолы)

_____ (тегі, аты-жөні, қолы)

_____ (тегі, аты-жөні, қолы)

Аттестацияланған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді тапсырдым

Аттестацияланған селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді қабылдап алдым

_____ (орман селекциясы және тұқым шаруашылығы саласындағы маманданған ұйымның өкілі)

_____ (орман иеленушінің, орман пайдаланушының өкілі)

М . О .

М . О .

20__ жылғы «__» _____

20__ жылғы «__» _____

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде

селекциялық-генетикалық мақсаттағы

объектілерді анықтау, құру, аттестациялау

және есепке алу ережесіне 4-қосымша

Нысан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

облысы _____

Орман иеленушісі _____

Ағаш тұқымының түрлік атауы _____

**Артықшылығы бар ағаштың № _____ (тізілім бойынша)
паспорты**

1. Ағаштың орналасқан орны:
Орманшылық _____

Орам № _____ Телім № _____

Орман иеленушісі бойынша ағаш нөмірі _____

Табиғи тұрысында ағаш қалай белгіленген _____

Телімдегі артықшылығы бар ағаштың орналасуы (схемасы тіркеледі)

2. Телімдегі екпелердің таксациялық сипаттамасы (қабат бойынша, ағаш қайда өсірілген)

құрамы	сынып жасы/ жыл	орташа		бонитет сыныбы	толымдылығы	қоры м ³ /га	Екпелердің селекциялық ксанаты	Басым морфологиялық және фенологиялық нысандары
		Н,м	Д, см					

Шығу тегі (табиғи - тұқымдық, өскіндік немесе дақылдық)

Орман түрі _____

Орман өсу жағдайларының түрі _____

Өскіні _____

Орман астары _____

Жамылғысы _____

Топырақ және топырақ құрайтын жыныс _____

Рельеф _____

Көлбеулігі, бөктерінің экспозициясы _____

Теңіз деңгейінен биіктігі, м _____

Екпенің санитарлық жай-күйі _____

3. Артықшылығы бар ағаштың сипаттамасы:

Шығу тегі _____

Морфологиялық, фенологиялық нысаны _____

Жасы, жыл _____

Биіктігі, м _____

Диң диаметрі, см _____

Дамуы және өсу сыныбы (көз мөлшермен) _____

Дің көлемі, м³ _____

Ұшар басының орташа диаметрі, м _____

Ұшар басының нысаны (конус тәрізді, сопақ цилиндр-тәрізді) және оның симметриялылығы _____

Ұшар басының ұзындығы, м _____, діңнен биіктік % _____

Жапырақ қалыңдығы (қалың, орташа, селдір) _____

Бұтақтардың қалыңдығы (қалың, орташа, жұқа) _____

Діңнің бұтаққа дейінгі ұзындығы, м _____, діңнен биіктік % _____

Өлі бұтақтардың өсуі (жақсы, орташа) _____

Дің нысаны (түзу, толық сүректі) _____

Биіктік өсімі көз мөлшерлік бағамен (жақсы, орташа) _____

Емен және дің бойындағы сулы бұталардың дамуы (күшті, орташа, әлсіз) _____

Қабық сипаттамасы (сызаттануы, бояуы) _____

Ағаштың гүлдену және тұқымдану мәліметтері және санитарлық жағдайы _____

Артықшылығы бар ағаштың екпелердің орташа көрсеткішімен салыстырғандағы артықшылық көрсеткіштері:

биіктігі бойынша _____ %, диаметрі бойынша _____ %

Артықшылығы бар ағаштың мақсатқа арналған мінездеме көрсеткіштері (іріктелген ағаштың және екпенің шайыр өнімділігі, мол тұқым беруі, тұқым сапасы.)

10 м радиустағы қоршаған ағаштардың қысқаша сипаттамасы (тұқым, ағаштың селекциялық санаты, ағаш сапасы т.б.) шаруашылық өкімдер

Мына құрамдағы комиссия ағашты іріктеп алып, артықшылығы бар ағаштар санатына қосты: _____ ұйым, тегі, қолы
_____ ұйым, тегі, қолы
_____ ұйым, тегі, қолы

Паспорт _____ данада толтырылды

20__ жылғы «__» _____

4. Артықшылығы бар ағаштарды күтіп-баптау

--	--	--

Күні	Жүргізген іс-шаралардың атаулары	Жазбаны толтырған (қызметі, тегі, қолы)

5. Артықшылығы бар ағаштарды бақылау

Бақылау жылы	Өнімнің кезең бойынша бағаланауы бақылау балы/ күні			Бұр, (жемістің), тұқымның нақты өнімі, кг	Тұқым сапасы	Ағаштың зақымдануы (метеорологиялық, механикалық, фито-патологиялық)	Жазбаны толтырған (қызметі, тегі, қолы)
	жаппай гүлденуі	жаппай түйін шығару	пісіп-жетілу басталуы				

6. Тұқым мен қалемшені пайдалану

Материал түрі (тұқым қалемше)	Тұқыммен қалемшенің дайындалған немесе жиналған күні	Тұқым мен қалемшелердің саны (г)(дана)	сақтау мерзімі мен жағдайлары	Тұқым мен қалемшелердің қайда жіберілгені (облысы, орм.шаруашылығы)	Қандай мақсат үшін

7. Артықшылығы бар ағаш ұрпағының қасиеттерін зерттеу нәтижелері

Күні _____ Қызметі, қолы _____

8. Сапасы өте жақсы ағаштарға ауыстыру туралы қорытынды (немесе жарамсыз деп шығару) _____

Күні _____ Қызметі, қолы _____

Е с к е р т у л е р :

4-8-бөлімдер бойынша жазбаларды орман иеленуші толтырады;
7 және 8-бөлімдерде жазбалар артықшылығы бар ағаштардың қасиеттерін ұрпағы бойынша тексеріп алғаннан кейін ғылыми-зерттеу ұйымдарының зерттеу деректерінің негізінде толтырылады.

(ұ й ы м , , т е г і , қ о л ы)

(ұ й ы м , , т е г і , қ о л ы)

(ұйым,, тегі, қолы)

20__ жылғы «__» _____

Мемлекеттік _____ орман _____ қоры _____ учаскелерінде
селекциялық-генетикалық _____ мақсаттағы
объектілерді _____ анықтау, _____ құру, _____ аттестациялау
және _____ есепке _____ алу _____ ережесіне
5-қосымша

кестенің жалғасы

Тұқым сипаттамасы					Бұршік (жеміс) сипаттамасы			салыстырманы ш ай ы р өнімділігі
1000 тұқымның массасы, гр	Толық дәнділігі, %	Зертханадағы шығымдылығы , %	тұқым түр-түгі	тұқым қанаттарының түсі	ұзындығы , ені, см	апофиза нысаны (жоғарғы бетінің сипаты)	Түр-түсі	

Е с к е р т у :

1. Бақылаудағы будандастыру жұмыстарын арнайы әдістемені пайдаланып та орындайды, ал оларды жүргізу барысын тиісті құжаттамада көрсетеді.

2. Ғылыми бақылау журналына енгізілетін көрсеткіштерді анықтап алу Клондар мұрағаттарын құрудың ғылыми ұсыныстарына сәйкес жүргізіледі.

Комиссия мүшелері: _____

(ұ й ы м , т е г і , қ о л ы)

(ұ й ы м , т е г і , қ о л ы)

(ұйым, тегі, қолы)

20__ жылғы «__» _____

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
селекциялық-генетикалық мақсаттағы
объектілерді анықтау, құру, аттестациялау
және есепке алу ережесіне б-қосымша

Нысан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Облысы _____

— Орман иеленушісі _____

Ағаш тұқымының түрлік атауы (түр тармағы, экотип, нысаны) _____

Географиялық (таралымдық-экологиялық) дақылдардың паспорты

Отырығызылған жылы _____ Участке алқабы _____ га

1 . О р н а л а с қ а н о р н ы :

Орманшылық _____

—
Орам № _____ Телім № _____

Географиялық координаттары _____

2. Дақылдар туралы жалпы мәліметтер:

Сыналатын түрлерінің саны (климат типтері, эдафотиптері) _____

Тәжірибенің қайталану саны _____

Тәжірибе жүргізуші (ықпал етуші, кураторы, тікелей орындаушылар) _____

Учаскенің топрақтық және топографиялық картасының бар-жоғы және олардың сақталу орны _____

Тәжірибенің жалпы бағасы (маңызы жойылған немесе күзету мен бақылауды талап етеді) _____

3. Физика-географиялық сипаттамасы:

Физика-географиялық аймағы, аймақ тармағы _____

Орман тұқым ауданы, аудан тармағы _____

Теңіз деңгейінен биіктігі _____

Орман өсу жағдайының түрі _____

Орман түрі _____

Алқап санаты (кеспеағаш, егістік, алаңқай, өртең) және оның біркелкілігінің дәрежесі _____

Жердің макро және микро бедері _____

Экспозиция _____ Еңістігі _____ Жерасты суларының деңгейі _____

Топырақ, аналық тұқымдығы _____

Климат көрсеткіштері (екпелерден _____ км қашықтықта және теңіз деңгейінен _____ м биіктікте орналасқан метеостанцияның мәліметтері бойынша)

а) орташа жылдық температура _____

б) вегетациялық кезеңде жылдық жауын-шашын _____ мм,

в) температурасы 50С жоғары болған күндердің саны _____

г) 50С жоғары температуралардың қосындысы _____

Аудандағы зерттелетін тұқымның өсу жағдайларының бірдейлігі _____

Орман шаруашылығындағы тұқымның орташа бонитеті _____ және облыс _____

4. Дақылдар өсіру технологиясы:

Топырақты дайындау әдісі (тұтас, ішінара) _____

Екпені алу тәсілі (себу, отырғызу, механикаландырылған, қолмен) _____

Отырғызу материалының жасы _____

Алу әдісі (қатарлы, аттамалы-қатарлы, ұялы) _____

Ілеспелі тұқымдар және орын алмастыру схемалары _____

Блокта көшет отырғызу (себу) орындарын орналастыру және саны _____

Блоктардың мөлшері және оларды орналастыру сипаты _____

Толықтырулар (жылы, жасы) _____

Блоктар арасындағы шекараларды белгілеу _____

5. Алқаптың сұлбесі (контуры), оның орам жүйесі мен басқа да тұрақты бағдарларға байланымы, қайталымдар мен блоктардың орналасу схемасы, фотосхемасы (қосымша беріліп отыр)

6. Аналық екпелер туралы мәліметтер

тәжірибе схемасы бойынша пайда болу №	Облысы, орман иеленушісі	теңіз деңгейінен биіктігі, м	орман типі	жасы, жыл	бонитет класы	Орташа		Екпенің сапалық сыныбы мен селекциялық санаты	Тұқым жинау түрі (таралым, жеке ағаштар, орман алаңқайы және т.б.)	Массасы 1000 тұқым, г
						Н, м	Д, см			

7. Екпелердің өсуі туралы соңғы мәліметтер

Тәжірибе схемасы бойынша пайда болу №	Фенологиялық түрлері және басқалары	Сақталған ағаштардың саны блок/га (қайталанулар бойынша жеке)	Екпе саннан сақталып қалғаны, %	Жойылу себептері	Орташа		Қанағаттанарлық ағаштардың саны, %	Қоры, т.м/га	Аурулар мен зиянкестерге және жағымсыз факторларға төзімділігі
					Н, м	Д, см			

Өлшеу күні _____

8. Екпелердегі орман шаруашылық іс-шаралары:

8.1 Агротехникалық күтім

Жүргізу жылы	Іс-шаралар атауы	Күтім жасау технологиясы	Күтім жасау саны

8.2 Орман өсіру күтімі

Жүргізу жылы	Күтім атауы және қағидасы (қураған ағаштарды, ілеспе тұқымдыларды, табиғи қоспаларды, сапасы төмен ағаштарды, т.б. кесу)	Кесілген бөліктің сипаттамасы				Кесілген ағаш қоры	
		тұқым	Орташа м	Орташа биіктігі, диаметрі, см	Дің сапасы	м3/га	%

9. Дақылдарды қорғау және ресімдеу:

Қоршау (қажеттілік және қоршау түрі) _____

Өртке қарсы іс-шаралар _____

Блоктарды, қайталанатын жерлерді таңбалау, аншлағтар _____

Басқалары (үзілімдерді тазалау, соқпақтарды, орман қабырғасын алыстату және т.б.) _____

10. Географиялық (таралымдық-экологиялық) дақылдарды зерттеу материалдарын қамтитын әдебиет көздері, есептері:

р/с №	Автор	Зерттеу жылы	Библиографиялық мәліметтер	Аннотациялар (не зерттелді)

Комиссия мүшелері: _____
(ұ й ы м , т е г і , қ о л ы)

_____ (ұ й ы м , т е г і , қ о л ы)

_____ (ұйым, тегі, қолы)

20__ жылғы «__» _____

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
селекциялық-генетикалық мақсаттағы
объектілерді анықтау, құру, аттестациялау
және есепке алу ережесіне 7-қосымша

Нысан

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Облысы _____

—
Орман иеленушісі _____

Ағаш тұқымының түр атауы (қосымша түр, экотип, нысан)

Сынақ дақылдарының паспорты

Отырғызылған жылы _____ учаске № _____

Учаске алқабы, га _____

Сыналатын артықшылығы бар ағаштардың саны _____

1 . О р н а л а с қ а н ж е р і :

Орманшылық _____

—
Орам № _____ Телім № _____

Орамдағы сынақ екпелері учаскесінің орналасуы (схемасы қоса беріліп отыр)

Тәжірибелік, бақылау, аралық-мөлтектер мен қайталанулардың орналасуы (схемасы қоса тіркеліп отыр)

2. Учаскенің орман өсу және топырақ-гидрогеологиялық сипаттамасы:

Орналасу орны _____

Орман түрі және бонитет сыныбы _____

р/с №	Есепке алу уақыты	Артықшылығы бар ағаштардың тізілім бойынша нөмірі	Тұқым жарнағының орташа саны	Өнгіштігі %	Өскіндердің сақталуы, %	Орындаушы (лауазымы, тегі, қолы)

6.4. Қалемшелер, көшеттер

Р/с №	Есепке алу уақыты	Артықшылығы бар Ағаштың Тізілім бойынша нөмірі	Орташа биіктігі, см	Фитоинфекцияға төзімділігі, %	Сақталуы %	Орындаушы (лауазым, тегі, қолы)	Ескертулер

7. Сынақ дақылдарына күтім жасау іс-шаралары

Жыл	Күні	Шаралардың қысқаша сипаттамасы және атаулары (топырақты күтіп баптау, күтім жасау мақсатында кесу, зиянкестермен және ауырулармен күресу және)	Қарқындылығы, %	Жазбаны толтырған (лауазымы, тегі, қолы)

8. Сынақ нәтижелері

Дақыл _____ ЖЫЛ _____

Қайталану мөлтегінің нөмірі	Есепке жүргізу уақыты	Артықшылығы бар ағаштың тізілім бойынша нөмірі	Орташа биіктігі, см	Орташа диаметрі, см	Сақталуы, %	Сағыз өнімділігі мл/тәулік	Экстремальдық әсерге төзімділігі	Сүректің сапасы	Дің сапасы	Оры (лауазымы, тегі, қолы)

Комиссия мүшелері: _____

(ұ й ы м , т е г і , қ о л ы)

(ұ й ы м , т е г і , қ о л ы)

(ұ й ы м , т е г і , қ о л ы)

20__ ЖЫЛҒЫ «__» _____

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде

селекциялық-генетикалық мақсаттағы

объектілерді анықтау, құру, аттестациялау

және есепке алу ережесіне 8-қосымша

Нысан

Селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді жер бойынша шектейтін орман шаруашылығы белгілері

Объектілер	Жазбалар шифрлары	Белгілер

1. Клондар мұрағаттары	2 1 - 1 6 К А Р 2,5	-	9 7	Орам нөмірі-телім Атауы - отырғызу Алқабы, га	нөмірі жылы
2. Генетикалық орман резерваты	5 3 - 1 2 О Г Р 105,5	-	0 4	Орам нөмірі - телім Атауы - отырғызу Алқабы, га	нөмірі жылы
3. Географиялық (таралымдық-экологиялық) дақылдар	8 1 - 2 5 Г Е 3,7	-	9 5	Орам нөмірі -телім Атауы - отырғызу Алқабы, га	нөмірі жылы
4. Сынақ дақылдары	3 1 - 2 7 С Е 3,7	-	9 9	Орам нөмірі-телім Атауы - отырғызу Алқабы, га	нөмірі жылы

Е с к е р т у :

1. Бағаналар алқаптарды шектейтін сызықтардың қиылысына (бұрыштарда) орнатылады. Бағанның жазуы бар беттері учаске жаққа, ал қырлары учаскінің ортасына бағытталады

2. Жазбалар трафарет бойынша және 56-8480 ОСТ-қа сәйкес жазылуы тиіс.
Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесіне 9-қосымша Нысан

бойынша

(облысы) Артықшылығы бар ағаштардың тізілімі

(ағаш тұқымының түрлік атауы)

Тізілім бойынша ағаштың реттік нөмірі	Ағаштың орналасу орны			Орман иеленуші бойынша ағаш нөмірі	Ағаштың негізгі таксациялық сипаттамасы				Ескрету селекциял белгісі)
	орман иеленушісі, орманшылық	орам нөмірі	телім нөмірі		жасы, жыл	Екпелердің орташа көрсеткішінен биіктігі, м/%	Екпелердің орташа көрсеткішінен диаметрі, см/%	Бұтақсыз бөлігі, дің биіктігінен м/%	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесіне 10-қосымша

1.	шырша							
2.	қарағай							
3.	Сексеуіл, бұдан әрі тұқымдар бойынша.							

Орман тұқымдарының сапасын анықтау саласындағы маманданған ұйымның басшысы _____ (тегі, аты-жөні, қолы)

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілерді анықтау, құру, аттестациялау және есепке алу ережесіне 12-қосымша Нысан

20__жылғы түгендеудің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасындағы селекциялық-генетикалық мақсаттағы объектілердің жиынтық ведомосы

Тұқым	Артықшылығы бар ағаштар, дана	Генетикалық орман резерваттары, га	Географиялық дақылдар, га	Артықшылығы бар ағаштар клондарының мұрағаттары, га	Таралымдардың с ы н а қ дақылдары, га	Артықшылығы б а р ағаштардың с ы н а қ дақылдары, га	Буданда с ы н а қ дақылдары, га
1	2	3	4	5	6	7	8
облыс							
Барлығы							
о ны ң ішінде:							
шырша							
қарағай							
Сексеуіл, бұдан әрі тұқымдар бойынша.							
әрі қарай барлық облыстар бойынша							
Республика бойынша барлығы							
о ны ң ішінде:							
шырша							
қарағай							
Сексеуіл, бұдан әрі							

тұқымдар бойынша.							
----------------------	--	--	--	--	--	--	--

Орман тұқымдарының сапасын анықтау саласындағы маманданған ұйымның
басшысы _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК